

**ШЖҚ «Қалалық перзентхана» МҚҚ-ның  
жиналыш хаттамасы №8**

Шымкент қаласы

«17» қаңтар 2023 жыл

**Жиналышқа қатысқан жұмыскерлер: тізім бойынша**

**Бас дәрігер: М.У.Кенжебаева**

**Комплаенс-офицер: Ә.Е. Зұлпықаров**

**Күн тәртібінде**

**«Декларация»**

**Тындалды:**

**Комплаенс-офицер Ә. Ержанұлы:**

Жаппай декларациялау "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңының 45-1-бабы негізінде енгзіліп, 4 кезең бойынша жүзеге асырылу жоспарланған болатын.

**1-кезең 2021 жылдың 1 қаңтарында басталды.**

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары, мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілетін адамдар мен оның жұбайлары декларациялаудан өтуі тиіс.

**2-кезең 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталады.**

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары. Яғни, мұғалімдер, дәрігерлер, спорт және мәдениет қызметкерлері, квазимемлекеттік және ұлттық компаниялар қызметкерлері декларация тапсырады.

**3-кезең 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады.**

Заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары; дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары.

**4-кезең 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталады.**

Азаматтардың қалған категориялары.

"Жалпыға бірдей декларациялаудың басты мақсаты әлеуметтік саясатты жетілдіру, көлеңкелі экономиканы қыскартуды қамтамасыз ету,

сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету болып табылады. Жалпыға бірдей декларациялауға кіру кезінде жеке тұлғалар декларацияның өзінен және оған алты қосымшадан тұратын жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы Декларацияны ("кіру" декларациясын, 250.00-нысан) ұсынуы қажет. Содан кейін, "кіріс" декларациясын тапсырганнан кейін, келесі жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы Декларацияны (270.00 - нысан) ұсыну бойынша міндеттеме пайда болады".

250-нысандагы декларацияда не болады?

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік:

- жылжымайтын мүлік, жер участелері және жер үлестері, әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзетін кемелер, өзен-теңіз жүзу кемелері;
- көлік құралдары, арнайы техника және (немесе) тіrkемелер;
- шетелдік банктердегі банк шоттарындағы ақша;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған занды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу улесі.

Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі мүлік:

- тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу шарты бойынша тұрғын үйдегі үлес;
- бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары;
- инвестициялық алтын;
- зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқықтар;
- айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген шегінен аспайтын мөлшерде көрсетілген қолма-қол ақша;
- басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешегі) және жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешегі) нотариалды куәландырылған шарт;
- сенімгерлік басқаруга берілген мүлік.

Активтер мен міндеттер жайлы декларацияны қашан тапсыру керек?

Екінші кезеңде декларациялауға жататын тұлғалар санаты (мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері) үшін:

Қағаз жүзінде – 2023 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;

Электронды түрде – 2023 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

Активтер мен міндеттер жайлы декларацияны қалай тапсыруға болады?

Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушілер кабинеті» веб-порталы (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ e-SalyqAzamat мобиЛЬДІ қосымшасы арқылы электронды түрде тапсыра аласыз. Ал қағаз жүзінде тапсыру үшін мемлекеттік кірістер органдарына бару керек болады.

Декларация тапсырмаса, не болады?

Декларацияны тапсырмағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алдымен ескеरту беріледі, ал екінші жолы мұлдем тапсырмағаны үшін 15 АЕК, толық емес ақпарат көрсеткені үшін 3 АЕК көлемінде айыппұл салынуы мүмкін.

Бас дәрігер:

М.У.Кенжебаева

Комплаенс-офицер:

Ә.Е. Зұлпықаров